



**Жана жыл – балалардын да, ересектердін де сарыла күтетін мейрамы. Әр отбасы осы күнге ерекше дайындық жасайды. Міне, «Азаматтарга арналган үкімет» мемлекеттік корпорациясынын Кызылорда облыстык филиалы да мерекелік шаралар легін «Тілектер шыршасы» атты балалар ертенгілігінен бастап жіберді.**

«Азаматтарга арналган үкімет» бұл дәстүрлі қайырымдылық шарасын биыл екінші рет ұйымдастырып отыр. Мемлекеттік корпорациянын барлық облыстағы филиалдарында жана жылдық шырша орнатылып, онда әлеуметтік осал топтағы отбасы балаларынын Аяз атага жазган хаттары ілінді. Қайырымдылық бағытымен халық ықыласына боленген шара балғындардын конілін котеріп, гажайып әсер сыйлады.

«Әр бала үшін Жана жыл мерекесі – әсерлі, сикырлы мейрам. Бұл күнді олар жыл бойы күтеді. Окіншке карай барлық отбасынын балаларынын арманындагы сыйлығын алып беретін мүмкіндігі жок. Сондыктан біз достарымыздын, әріптестеріміздин көмегімен осы бобектердін хатында жазган армандарын орындауга тырыстык. Олардын бүгінгі

шат-шадыман квлкісін естуден артык сый жок», – дейді филиал директоры Айдын Кайруллаев.

Әдемі безендірілген зал, әсем шырша, тамаша костюмдер мен сыйлықтар, Аяз Ата, Акшакар, Бетман және баска да ертегі кейіпкерлері ешкімді бейжай қалдырмады. Тіпті орталыққа қызмет алуға келген азаматтар да қызықты коріністі тамашалап, әр нөмірге колпаштап отырды.

Барлық бала оздерінін дайындаган ән-биін корсетіп, шыршаны айнала жүріп, қызықты ойындар ойнады. Оздерінін хаттарында жазган сыйлықтарын алып, мөз-мейрам болды. Оз кезегінде, корпорациянын мундай ыкыласына риза болган ата-аналар ұйымдастырушыларга үсті-үстіне алғыстарын білдірді.

***«Азаматтарга арналган үкімет»***

***мемлекеттік корпорациясынын***

***Кызылорда облыстық филиалынын***

***баспасөз қызметі***

